Ұйымдастырушылық-ізденістік	Ауа райын бақылау. Отбасы туралы әңгіме жүргізу. - Мынау не? - Балабақшада не бар? - Балабақшада кімдер жұмыс істейді? - Ал, үйдің отбасы мүшелерін атайық? - Балалар үйден әкелген суреттерімен өз отбасылары туралы әңгімелейді. - Атың кім? - Сенің ағаң бар ма? - Сенің әпкең бар ма? - Сен қай балабақшаға келесің? бала: Бақшасында балалар Іні, әпке, аға бар - Ойыншықтар көп онда - Машина, ат, түйе бар - Өлеңде отбасы мүшелерінен кімдердің аттары бар? - Әже туралы не дейді? - Әжең үйге қандай көмек береді? - Өзің үйде қандай жұмыстар істейсің? - Анаң үйде қандай шаруамен айналысады? - Сендер өз отбасыларың туралы әңгімелеп беріңдер? - Әр қайсыңның отбасында неше адам бар? - Әкеңнің, анаңның, әжеңнің, атаңның есімдері кім? - Сендердің неше аға, әпкелерің бар? - Сендердің қайсыларың үлкен, ал қайсыларың кіші?	Балалар сұрақтарға жауап береді. -Әже туралы тақпақ

	Сергіту сәті: Бас бармақ –әкем Балаң үйрек-шешем Ортан терек-апам Шылдыр шүмек-әпкем Кішкене бөбек-мен Бір үйде нешеуміз? Бір үйде бесеуміз	-Әжемізге көмектесеміз. -Тамақ әзірлейді, кір жуады, үй жинайды, балаларға қамқорлық жасайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс – әрекетін қорыту: Балалардың оқу іс – әрекетінде көрсеткен белсенділіктерін бағалау, мадақтау.	Балалар жақсы көңіл күймен оқу іс – әрекетін аяқтайды.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: Отбасына деген жылы сөздер айтуды, мейірімді, адал болуды

Нені игерді: байланыстыра отырып сөйлеуді;

Нені біледі:Отбасы мүшелерін ажыратуды және олармен дұрыс қарым қатынас жасауды біледі.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті:Ойнайық та, ойлайық.

Тақырыбы: «Бұл қай мезгіл?»

Мақсаты:Жыл мезгілдері туралы ұғымдарын кеңейту, ақыл - ойын, сөйлеуін тілін дамыту. Табиғат сұлулығын сезіне білу, қамқорлық көрсетуге тәрбиелеу.

Сөздік жұмыс: бәйшешек, қарға омбығып, қырман, тұман

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу

.Көрнекіліктер: тақырыптық суреттер.

Іс-әрекеткезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Алдын ала тақырыптық суреттермен жұмыс жүргізу	Қызығушылықтары артады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Жыл мезгілдеріне тоқталу. Ай аттарын сұрау. Апта күндерін атау. Ауа райын бақылау. -Балалар неше жыл мезгілі бар? - Қандай? -Дұрыс айтасындар балалар! Ендеше өз түстерімізге барып отыра қояйық! -Ендеше балалар кәне көзімізді жұмайық (музыка естіледі) (осы кезде тәрбиеші сиқыршы киімін киіп алады) -Балалар, қараңдаршы мені сиқыршы сиқырлап кетті. Мен енді сиқыршымын, міне сиқырлы таяқшам бар! Мен сендерге сиқырымды көрсетпес бұрын бір жұмбақ жасырамын! Сендер мұқият тыңдап шешуін табыңдар! Жұмбақ Аяз қысып, өрнек сызып, Терезені торлайды. Қарға омбығып, Бет домбығып, Сырғанап жастар ойнайды. Бөбектерім айтыңдаршы Бұл қай кезде болады? -Жарайсындар, бұл қыс мезгілі екен! Ендеше мен сиқырлы таяғыммен сиқыр жасаймын. (сиқырмен «қыс» мезгілінің слайд көрсетіледі) Жұмбақ Қар мұз еріп, су көбейіп,	Төрт жыл мезгілі бар. Қыс, Көктем, Жаз, Күз

	Сай салаға толады. Бүршік жарып, жарық ашып, Гүл бәйшешек басады. Бөбектерім айтыңдаршы Бұл қай кезде болады? -Сергіту сәтіЖел тұрды гуілдеп, Ағаш біткен уілдеп. Аспанды бұлт торлады, Найзағайлар ойнады. Жаңбыр жауды себелеп, Кемпір қосақ көрінді. Жарқыраған күн шықты.	Қыс мезгілінде -Көктем мезгілінде. Балалар қимылмен көрсетеді
Рефлексиялық- түзетушілік	Оқу іс – әрекетін қорыту: -Балалар, міне біздің бүгінгі ҰОІӘ - міз таңғажайып сиқырлы болды. Сендер не көрдіңдер? Нені білдіңдер?	Балалар жақсы көңіл күймен оқу іс – әрекетін аяқтайды.

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: жыл мезгілдеріндегі табиғат құбылыстарын

Нені игерді:әр жыл мезгілінің ерекшелігін; Нені біледі:жыл мезгілдерін ажырата біледі

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы:«Вариативтік компонент»

Бөлімі:Ойнайықта, ойлайық .

Тақырыбы: «Телефон»

Мақсаты:Балалардың ойлау қабілетін арттыру, телефон арқылы ауызекі сөйлеуге дағдылау.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар:Үлестірмелі материалдар, телефон құралы.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
-----------------------------	------------------------	--------------------

Мотивациялық- қозғаушылық	Шаттық шеңбері: Балдырған баламыз, Досты көп табамыз, Қашан да , қайда да! Дос болып бәріміз Сенімді боламыз!	Балалар шаттық шеңберін құрып , өлең жолдарын айтады.
---	--	--

Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар қазір жылдың қай мезгілі ? Күз айында қандай өзгерістер болады? -Балалар тыңдандаршы ненің дауысы естіледі? Ия дұрыс айтасындар бұл телефонның дауысы. Қане балалар үйде кімде телефон бар? Айерке айтшы. Балалар сендер білесіндерме телефонның түрлері көп: ұялы телефон, сымды телефон, радиотелефон. Біздің қазіргі қолданып жүргеніміз ұялы телефондар. -Балалар тақтаға қараңдаршы телефонның екі тетігі бар екен. Жасыл тетік жанғанда телефонды аламыз, ал қызыл тетік жанғанда телефонды қоямыз Сергіту сәті. Орнымыздан тұрайық, Үлкен шеңбер құрайық. Бір отырып, бір тұрып, Қолымызды жаяйық, Құс боп қанақ қағайық.	-Күз -Күн суытады, жапырақтар сарғайады, жаңбыр жауады. Телефонның дауысы Анамда, әкемде, ағамда . Балалар телефон түрлерін қайталайды.
---	--	--

Рефлексиялық- түзетушілік	Балаларды соңынан оқу іс- әрекетке белсенділік танытқаны үшінмақтап,мадақтау.	Балалар қуанышты сезімде болады.
--------------------------------------	---	-------------------------------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Телефон түрлерін ажырата біледі.

Игереді:Телефон туралы ұғымды толықтай игереді.

Меңгереді: Телефон тетікшелерін меңгереді.

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Бөлімі: Ойнайықта, ойлайық

. Тақырыбы: «Жалпы атауын ата»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін арттыру, жалпы және жалқы атауларды ажырата білуге үйрету.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Үлестірмелі материалдар.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Баланың іс-әрекеті
Мотивациялық- Қозғаушылық,	Шаттық шеңбері: Балдырған баламыз, Досты көп табамыз, Қашан да , қайда да! Дос болып бәріміз Сенімді боламыз !	Балалар шаттық шеңберін құрып , өлең жолдарын айтады.

Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар қазір жылдың қай мезгілі ? Күз айында қандай өзгерістер болады? -Балалар мына суреттерден нелерді көріп тұрсыңдар? Бұларды жалпылай қалай атаймыз? -Жалпы атаулары қандай? -Жарайсыңдар,балалар,бұлардың жалпы атаулары болады.Бұлардың жалпы атауларын жабайы аңдар дейміз. Тәрбиеші әңгімелесу,сұрақ-жауап әдістерімен тақырыпты ашады. Сергіту сәті Орнымыздан тұрамыз Алақанды ұрамыз Оңға қарай иіліп,солға қарай иіліп Бір отырып,бір тұрып Біз шынығып аламыз.	-Күз -Күн суытады, жапырақтар сарғайады, жаңбыр жауады. Балалар жауап беруге тырысады. Түлкі,аю,қасқыр. -Жабайы аңдар Балалар суретке қарап, сұрақтарға жауап береді. Өлең жолдарына сәйкес қимылдар жасайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балаларды соңынан оқу іс-әрекетке белсенділік танытқаны үшін мақтап,мадақтау.	Балалар қуанышты сезімде болады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі:Бірінің сөзін бірі тыңдай білу;жалпы атауларын біледі

. Игереді:Аңдардың жалпы атауын және жалқы атауын игереді;

Меңгереді: әңгімелей білуді; Технологиялық картаны толтырған: Технологиялық картаны тексерген:

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Ойнайық та, ойлайық.

Тақырыбы: «Заттың атын ата»

Мақсаты: Балаларға қазақтың ұлттық ыдыстарының түрлерімен таныстыру, ыдыстар туралы мағлұмат беру.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Сөздік жұмыс: тостаған, ожау, торсық, тостақ және т.б.

Қолданылатын көрнекі құралдар: Үлестірмелі материалдар.

Іс-әрекет бөлімдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері Шаттық шеңберіне тұрғызады. -Қайырлы таң балалар! Бүгін күн қандай керемет! Қане барлығымыз бірбірімізге жылы, көтеріңкі көңіл сыйлайық. Дос болайық, бәріміз Жарасып тұр әніміз Тыныштықты сақтаймыз Атсын күліп таңымыз	Шеңбер бойында тұрып, өлеңді қайталап айтады.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	Сұрақ-жауап арқылы балалардан сұрау, жауаптарын тыңдау. -Жылдың неше мезгілі бар? -Қандай мезгілдері бар? -Қазір жылдың қай мезгілі? -Бүгін аптаның қай күні? -Бір аптада неше күн бар?	Сұрақтарға жауап береді.

	Суретпен жұмыс жүргізу: -Балалар,суреттен не көріп тұрсыңдар? -Бұл ыдыстарды қалай атаймыз? -Ұлттық ыдыстарды не үшін қолданады? -Ұлттық ыдыстарды неден жасайды? Ұзақ жолға шыққанда жолаушы торсыққа қымыз немесе сусын толтырып алып шығады. Ұлттық ыдыстар ұлттық ою-өрнектермен безендіріледі. Ою-өрнек элементтерін еске түсіріп көрейікші. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз Қолды белге қоямыз Бұрыламыз оңға бір Бұрыламыз солға бір Гүл-гүл жайнап жанамыз Жаттығулар жасасақ Жақсы сергіп қаламыз.	-Қазан,ожау,кесе т.б. -Қазақтың ұлттық ыдыстары. Балалардың жауаптары тыңдалады. Барлығы қимылмен жасайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Суретте көрсете отырып,сұрақ-жауап арқылы оқу іс-әрекетті қорытындылайды.Балаларды мадақтайды.	Балалар сұрақтарға жауап береді.

Күтілген нәтиже:

Нені білу керек:

Ұлттық ыдыстардың атауын

Нені игереді: Ыдыстардың не үшін керектігін

Нені біледі: Таныс шығармалардың мазмұнын әңгімелей білу іскерліктерін

Ұйымдастырылған оқу іс-әрекетінің технологиялық картасы

Білім саласы: «Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті: Ойнайықта, ойлайық.

Тақырыбы: «Тиісті торға орналастыр»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілеттерін ояту. Есте сақтау қабілетін дамыту. Бірдей заттарды тиісті торға орналастыруға дағдылау. **Әдіс-тәсілдер:** баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу. **Көрнекі құралдар:** Көрнекіліктер мен үлестірмелі материалдар.

Оқу іс-әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардың іс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Арайлап таң атты, Алтын арай таратты. Жарқырасын қаламыз, Жарқырасын бақшамыз. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіңдер ме, қонақтар!	Балалар шаттық шеңберін орындарында тұрып орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар қазір бізде қай мезгіл? -Қыс мезгілінде неше ай бар? -Бір айда неше апта бар? -Бір аптада неше күн бар? -Дүйсенбі, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі жексенбі. -Бүгін аптаның қай күні? -Балалар мына қарандаршы, Ас бөлмесінің заттары шашылып жатыр екен. Осы заттарды тиісті торға орналастырсақ ас бөлмесі жиналып қалады. Ол үшін үлгіге	-Қыс. -Үш ай бар. -Төрт апта бар. - Жеті күн бар. - -Сәрсенбі.. Балалар берілген тапсырманы орындап, тиісті орынға қоюды

	қарап, қандай зат қай жерде тұрады, көріп алайық. Мына қазан газ плитасының үстінде тұрады. Ал мына кесе үстелдің үстінде тұрады екен. Ал жастық болса төсектің үстінде жиналып тұрады екен. Көрдiңдер ме, балалар барлық заттарды тиiстi торға орналастыру арқылы ас бөлмесiн жинап алдық. Ал мына суретте қоянның үйiде шашылып жатыр екен. Қане, бәрiмiз қоянға көмек көрсетейiк. Ол шашылып жатқан заттардың iшiнен сәбiзiн жоғалтып, алыпты. Мына заттарды тиiстi торға қойып берсек сәбiзiн тауып аламыз. Жеке жұмысты қажет ететiн балаларға тәрбиешi көмек көрсетедi. Сергiту сәтi Орынымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз Бiр отырып, бiр тұрып, Шыр көбелек айналып, Бiз жаттығу жасаймыз	үйренедi. Сергiту сәтiн орындайды.
--	---	--

Рефлексиялық- түзетушілік	Балалар біз бүгін қандай заттарды тиісті торға орналастырдық. Қоянға тордың ішінен несін тауып бердік?	• Қазан, жастық, кесе. • Сәбізін.
---	---	--

Күтілетін нәтиже:

Нені білу керек: Заттарды тиісті орынға орналастыруды.

Нені игерді: Ұқыпты жұмыс істеуді.

Нені біледі: Артық заттарды торға орналастыруды.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Бөлімі: «Ойнайықта, ойлайық»

Тақырыбы: «Жасырын жауабын шеш»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін дамыту. Жасырын суреттің жауабын шешуге дағдылау.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Көрнекі құралдар: суреттер,

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Арайлап таң атты, Алтын арай таратты. Жарқырасын қаламыз, Жарқырасын бақшамыз. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіздер ме, қонақтар!	Балалар шаттық шеңберін орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар қазір бізде қай мезгіл? -Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады. Балалар қоянның сәбізі жоғалып қалыпты. Қанеки мына суреттен қоянның сәбізін табуға көмек көрсетейік. Ол үшін мына жұмбақтың жауабын шешейік. Суда мұз бар, Жердеқар бар Боранбопсоғады Бұлқайкездеболады? Дұрыс айтасыңдар, балалар . Қыс мезгілінің жұмбағын шешу	-Қыс. -Қар жауады. Балалар жұмбақтың жауабын шешеді.

	арқылы қоянның сәбізін тауып алдық. Балалар жұмбақты шешуге әрқашан қызығушылық танытуымыз керек. Сергіту сәті: Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа. Алды қолына допты, Қойды жолына допты, Оңға қарады, солға қарады. Үлкен тау деп ойлады	Сергіту сәтін орындайды.
--	---	---------------------------------

Рефлексиялық- түзетушілік	Балалар бүгінгі оқу іс- әрекетінен не үйрендіңдер? -Қоянға несін тауып бердік? -Жұмбақ шешу Білеміз бе?	-Сәбізін тауып бердік.
---	--	-----------------------------------

Күтілетін нәтиже: Біледі: Суретке қарап жауабын шешуді.

Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.

Меңгереді: Өлең жолы арқылы жауабын шешуді.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Бөлімі: Ойнайықта, ойлайық.

Тақырыбы: «Кім көңілді?»

Мақсаты: Балаларға бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлауға тәрбиелеу. Бір-бірін адамгершілікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, смайликтер.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Арайлап таң атты, Алтын арай таратты. Жарқырасын қаламыз, Жарқырасын бақшамыз. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіздер ме, қонақтар!	Балалар шаттық шеңберін орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар қазір бізде қай мезгіл? -Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады. -Балалар қоянның, арыстанның көңіл күйі неге жоқ? -Олар несін жоғалтып алды? -Оларға кім көмектесті? -Тиін не үшін көмектесті? -Көрдiңдер ме, балалар тиін орман аңдарына көмектесіп бәріне көтеріңкі көңіл күй	-Қыс. -Қар жауады. -Олар сәбіз бен етін жоғалтып алған. -Иә.

	сыйлауды біледі екен. Балалар бәріміз бір-бірімізге қамқорлық жасап, көмек көрсету керекпіз. Жақсы көңіл күйде болу үшін әрқашан жақсы бала болуымыз керекпіз. Сергіту сәті: Ұзын мұртты құмырсқа, Келе жатты жұмысқа. Алды қолына допты, Қойды жолына допты, Оңға қарады, солға қарады. Үлкен тау деп ойлады. «Кім көңілді» ойыны. Шарты: Балалар суреттегі балалардың көңіл күйін анықтап смайлик арқылы белгілеп қою керек.	Сергіту сәтін орындайды. Смайлик қою арқылы ойынды ойнайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер? -Көңіліміз қандай кезде көтеріледі екен? -Ойында қоянның көңілін қалай көтердік?	-Анамыз қасымызда болғанда. -Сәбізін тауып бердік.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Көңіліміздің жабырқау және көтеріңкі екенін біледі.

Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.

Меңгереді: Смайликті көңіл күйге сәйкес орнынан қояды меңгереді

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Бөлімі: Ойнайықта, ойлайық

Тақырыбы: «Біздің көңіл күйіміз»

Мақсаты: Балаларға бір-біріне жақсы көңіл күй сыйлауға тәрбиелеу. Бір-бірін адамгершілікке тәрбиелеу.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, смайликтер.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Арайлап таң атты, Алтын арай таратты. Жарқырасын қаламыз, Жарқырасын бақшамыз. Сәлеметсіңдер ме, балалар! Сәлеметсіздер ме, қонақтар!	Балалар шаттық шеңберін орындайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар қазір бізде қай мезгіл? -Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады. -Балалар мына суреттегі балалардың көңіл күйлері өте көтеріңкі екен. Бұл балалар қармен ойнап, аққала тұрғызып, шаңғы теуіп жүр. Бір-бірлерімен тату-тәтті ойнап, қыс қызығын тамашалап жүр. -Балалар үйде ата-аналарың қастарыңда болса, сендерге сыйлық жасаса көңіл күйлерің көтеріліп, мәз боласындар, иә? -Ал топта бір-біріңмен ойнап,	-Қыс. -Қар жауады. Балалар тақтадағы суретке назар аударады. Тәрбиешіні мұқият тыңдайды.

	тәрбиешілеріңді тыңдап жүрсеңдер де көңілдерің көтеріліп жүреді. -Балалар көңілсіз жүрсең мазаларың болмай, тырысып, бүрісіп, бір-біріңмен ойнамай жүресіңдер. Сол үшін әрқашан көңіліміз көтеріңкі болсын. Көңіл күйлер түрлі смайликпен де бейнеленеді. Мысалы: Көңілі көтеріңкі смайлик күліп тұрады. Көңілі көңілсіз смайлик бұртиып тұрады. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Бір отырып, бір тұрып, Жаттығуды жасаймыз. «Көңілін тап» ойыны. Шарты: Балалардың алдында суреттерде қоянның көңілін табу үшін сәбізді сыйға беру керек. Сол кезде қоянның көңілі көтеріледі.	Сергіту сәтін орындайды. Балалар қоянға сәбізін тауып, көтеріңкі көңіл күй сыйлайды.
Рефлексиялық-	Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?	

түзетушілік	-Көңіліміз қандай кезде көтеріледі екен? -Ойында қоянның көңілін қалай көтердік?	-Анамыз қасымызда болғанда. -Сәбізін тауып бердік.
---------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Көңіліміздің жабырқау және көтеріңкі екенін біледі.

Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту. Меңгереді: Смайликті көңіл күйге сәйкес орнынан қояды меңгеред

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Бөлімі: Ойнайықта, ойлайық.

Тақырыбы: «Ғажайып орман»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетін дамыту.
Суретке қарап талдау жасауға тәрбиелеу. Орманның құпияларымен таныстыру.
Балалар шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, үлестермелі материалдар.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Жылулық шеңбері Күлімде, күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде.	Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды.

Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар қазір бізде қай мезгіл? -Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады. Суреттен ғажайып орманды көреді. -Балалар сендер ғажайып орманға саяхатқа шыққыларың келеме? Ғажайып орманға барар жолымызда көптеген кедергілер бар. Кәне, бәріміз сол кедергілерден құламай өтіп барайық. -Балалар қараңдаршы айнала аппақ ақ мамықпен оралған орманымыз ға әдемі көрік беріп тұр. Орманның өз сырлары құпиялары да бар екен. Тып-тыныш орманда аюлар ұйықтап, тиіндер ағаштан ағашқа секіріп бүрлерін жеп ойнап жүреді. Тоқылдақ діндерді тоқылдатып, азық іздейді екен. -Көрдіндер ме, балалар орманның іші тыныш болғанмен бұл жерде де тіршілік бар екен. Енді сендер орманды білесіндер, өз қиялдарыңмен орманға саяхатқа шығыңдар,- жарай ма. Сендердің қиялдарыңдағы орман қандай екен? Сергіту сәті:	-Қыс. -Аққала, шырша. -Иә. Балалар кедергілерден сүрінбей өтеді. Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді.
---	--	--

	Ормандағы аюдың, Құлпынайы көп екен. Теріп-теріп алайық, Қалтамызға салайық. «Ғажайып орман» ойыны. Шарты: Балалар орман тіршілігін және кейіпкерлерін өз қиялдарымен іс қимылдарын жасау керек.	Сергіту сәтін орындайды. Балалар іс-қимыл жасау арқылы ойынды ойнайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	Балалар бүгінгі оқу іс- әрекетінен не үйрендіндер? -Ғажайып орманның қандай сырлары бар ? -Аңдар не істеп жатыр екен?	-Орманға бардық. -Көп екен. -Ұйықтап, секіріп, азық аулап жүр екен.

Күтілетін нәтиже: Біледі: Суретке қарап, талдау жасауды.

Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.

Меңгереді: Орман кейіпкерлерін сомдауды.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Бөлімі: Ойнайықта, ойлайық.

Тақырыбы: «Бірдей геометриялық пішіндерді тап?»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетін дамыту. Бірдей геометриялық пішіндерді тауып, орнына қою. Балалар шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, үлестермелі материалдар.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Жылулық шеңбері Күлімде, күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде.	Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар қазір бізде қай мезгіл? -Қыс мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады. -Балалар мына суреттерде геометриялық пішіндерден құралған неше түрлі қыс мезгілінің қызықтары бейнеленген. Шеңбердің көмегімен аққала жасалған. Үшбұрыштың көмегімен шырша, төртбұрыштың көмегімен сыйлықтар бейнеленген. Осы геометриялық	-Қыс. -Аққала, шырша, сыйлық.

	пішіндерден тағы да неше түрлі бейнелер құрастыруға болады екен. Енді мына геометриялық пішіндердің бірдейін табыңдаршы? Мысалы мына суреттегі шыршаның ойыншығы дөңгелек болса, аққала да дөңгелек. Шырша үшбұрышты болса, аққаланың мұрыныда және түймелеріде үшбұрышты екен. Сыйлық төртбұрышты болса, аққаланың шелегіде төртбұрышты екен. -Көрдiңдер ме балалар, геометриялық пішіндердің бәрі күнделікті өмірде қолданылады екен. Сергіту сәті: Қолды белге қоямыз, Оңға, солға шайқалып, Бір отырып, бір тұрып, Біз жаттығу жасаймыз. «Геометриялық пішіндерді тап?» Ойыны. Шарты: Балалар алдарындағы бірдей геометриялық пішіндерді тауып, санына қарай санап, орнына қояды.	Балалар тәрбиешіні мұқият тыңдап, сұрақтарға жауап береді. Сергіту сәтін орындайды. Ойынды қызыға ойнайды. Пішіндердің
--	---	---

		атауын айтады.
Рефлексиялық- түзетушілік	Балалар бүгінгі оқу іс- әрекетінен не үйрендіңдер? -Қандай суретті орнына қойдыңдар?	-Бірдей геометриялық пішіндерді.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Суретке қарап, қайта орнына қоюды.

Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.

Меңгереді: бірдей геометриялық пішіндерді табуды.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Бөлімі: Ойнайықта, ойлайық.

Тақырыбы: «Әдемі суреттер»

Мақсаты: Балалардың ойлау қабілетін және есте сақтау қабілетін дамыту.
Балалар шапшаңдыққа және аңғарымпаздыққа үйрету.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, үлестермелі материалдар.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Жылулық шеңбері Күлімде, күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде.	Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар қазір бізде қай мезгіл? -Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? -Апта күндерін атап көріңдерші? Тәрбиеші балалардың қызығушылығын тақтадағы суретке аударады. -Балалар мына суреттер өте әдемі екен. Қыздардың шашы өте әсем сәнделген, киімдері жинақы киілген, киімдерінің түстері бір-бірімен үйлесіп тұр екен. Ал ұлдардың киімдері де әдемі екен. Жейделерінің түстері шалбардың түсіне үйлесіп тұр	-Күз. -Жаңбыр жауады, жапырақтар түседі. -Дүйсенді, сейсенбі, сәрсенбі, бейсенбі, жұма, сенбі, жексенбі. Балалар суреттерге қарап талдау жасайды.

	екен. Балалар ал мына суреттегі торғайларға қараңдаршы, жап-жасыл ағашқа қонақтап отыр. Ал мына суретте балалар ойын алаңында ойнап жүр. Осы суреттердің бәрі әдемі суреттерге жатады. Адамдар суретке түсу үшін де әдемі киімдер киіп сәнделеді. Қазір жаңа технологиялардың көмегімен де әдемі суреттер бар. Сергіту сәті: Біз кішкентай балдырған, Сескенбейміз жаңбырдан. Төбемізде қолшатыр, Алдымызда жол жатыр. «Әдемі суретте тап» ойыны. Шарты: Балалар көп суреттің ішінен өте әдемі, бояуы қанық суретті табу керек.	Сергіту сәтін орындайды. Ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер? -Қандай суретті орнына	Әлемі суреттер таңдауды. Бояуы қанық суреттерді орнына

	қойдыңдар?	қойдық.
--	------------	---------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Суретке қарап, қайта орнына қоюды.

Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.

Меңгереді: Берілге тапсырманы бұлжытпай орындауды.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

	есімізге жақсы сақтап алғанбыз. Қандай кедергілер бар екенін де білеміз. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Оңға бір бұрылып, слоға бір бұрылып, Біз жаттығу жасаймыз. «Қарап алда есіңе сақта» ойыны. Шарты: Балаларға белгілі уақытта сурет беріледі. Сол суретті есте сақтап, орнына қойып, түр –түсіне назар аудару керек. Мақсаты: Балалардың есте сақтау қабілетін дамыту, шапшаңдыққа баулу. Жеке жұмысты қажет ететін балаларға тәрбиеші көмек көрсетеді	Сергіту сәтін орындайды. Ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер? -Қандай суретті орнына қойдыңдар?	-Түлкіні, саңырауқұлақты, алмына.

Күтілетін нәтиже: Біледі: Суретке қарап, қайта орнына қоюды.

Игереді: Балалардың қызығушылығын ояту.

Меңгереді: Берілге тапсырманы бұлжытпай орындауды.

Ұйымдастырылған оқу іс – әрекетінің технологиялық картасы

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Бөлімі: Ойнайықта, ойлайық

.Тақырыбы: «Өз үйінді тап» Өткенді пысықтау.

Мақсаты: Балаларға адамдар мен жан-жануарлар және құстардың да өз үйлеру болатыны туралы мағлұмат беру. Пішіндердің көмегімен үй құрастыруға үйрету.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, үлестермелі материалдар.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Жылулық шеңбері Күлімде, күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде.	Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар қазір бізде қай мезгіл? -Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? -Апта күндерін атап көріңдерші? -Балалар сендер қайда және неде тұрасыңдар? -Дұрыс айтасыңдар. -Балалар біріміздің өз үйіміз бар. Үйімізде әкеміз, анамыз. ағамыз,	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. -Үйіміз бар.

	тәтеміз, атамыз, әжеміз тұрады. Бәріміз бір шаңырақ астында тату-тәтті өмір сүреміз. Үйімізді жыл мезгілдеріне сай әрлейміз. Жиһаздар мен төсектермен жабдықтаймыз. Ал енді балалар Мына суреттегі үйлердің иесін тауып көріндерші, Аң құстардың өз үйлері бар. Қоянның, пілдің құмырсқанында өз үйі бар. Сергіту сәті: Орнымыздан тұрамыз, Қолды белге қоямыз. Оңға бір бұрылып, слоға бір бұрылып, Біз жаттығу жасаймыз. Геометриялық пішіндер беріледі. Балалар сол пішіндердің көмегімен үй құрастырып, сол үйде кім тұратыны жайлы әңгіме құрау керек. Жеке жұмысты қажет ететін балаларға тәрбиеші көмек көрсетеді.	-Мынау қоянның үйі, аяудың үйі, құстардың үйлері деп жауап береді. Балалар орындарынан тұрып өлең жолдарын қайталайды. Пішіндердің көмегімен үй құрастырады.
Рефлексиялық- түзетушілік	Балалар бүгінгі оқу іс- әрекетінен не үйрендіңдер? -Балалар сендер қайда тұрасыңдар? -Геометриялық пішіндерден не	-Үй құрауды. -Үйде.

	кұрастырдыңдар? Жарайсыңдар, тапсырманы жақсы орындадыңдар.	-Өз үйімізді.
--	---	---------------

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Әр адамның жан-жануарлар мен құстардың үйі болатынын біледі.

Игереді: Пішіндердің көмегімен үй құрастыруды

.Меңгереді: Берілге тапсырманы бұлжытпай орындауды.

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Бөлімі: Ойнайықта, ойлайық

.Тақырыбы: «Сыңарын тап» Өткенді пысықтау

.Мақсаты: Балаларға суреттен сыңарын табуға үйрету. Шапшаңдыққа тәрбиелеу. Сенсорлық қызығушылығын ояту.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер, үлестермелі материалдар.

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Жылулық шеңбері Күлімде, күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн,	Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды.

	күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ- жарқ еткен түнімде.	
Ұйымдастырушылық- ізденістік	-Балалар қазір бізде қай мезгіл? -Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? -Апта күндерін атап көріңдерші? -Балалар суретке қараңдаршы мына доптың бірдей түсті сыңарын тап. Саны қанша санаймыз. Оларды топтастырамыз және түр түсіне назар аударамыз. Ал мына суреттегі құстың сыңарын табыңдаршы. Балалар бірдей етіп боялған суретті табады. Сергіту сәті. Күшік мысық, балапан, Қуыршағым балақан. Қане, бәрің тұрыңдар, Ойынсауық құрыңдар. «Сыңарын тап» ойыны. Шарты: Балаларға суреттер шатастырылып беріледі. Балалар бірдей суретті белгілеріне қарап, салыстырып сыңарын тауып, орнына қояды. Мақсаты: Балалардың қызығушылығын ояту, шапшаңдыққа тәрбиелеу. Сенсорлық танымын ояту.	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. -Доп. -3. -2қызыл, 1 сары. -Құс. Сергіту сәтін іс қимылмен қайталайды. Балалар ойынды қызығушылықпен ойнайды.

Рефлексиялық-түзетушілік	Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер? -Балалар қандай заттардың сыңарын таптыңдар? Жарайсыңдар, тапсырманы жақсы орындадыңдар	Балалар не үйренгендерін айтып мәз болысады.
---------------------------------	--	--

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Тапсырма бойынша сыңарын табуды.

Игереді: Шатасқан суреттен табуды игереді.

Меңгереді: Шапшаңдыққа, ойынды қызыға ойнауға үйренеді

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Бөлімі: Ойнайықта, ойлайық.

Тақырыбы: «Қоянды тап» Өткенді пысықтау.

Мақсаты: Балаларға қоянның сурет арқылы әңгіме құрауға дағдылау. Сызық сызу арқылы ой өрісін дамыту. **Әдіс-тәсілдер:** баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Жылулық шеңбері Күлімде, күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен	Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай қимылдар жасайды.

	түнімде.	
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар қазір бізде қай мезгіл? -Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? -Апта күндерін атап көріңдер ші? -Балалар суретке қарандаршы, нелер адасып жүр екен? -Қанеки бәріміз осы қоянға өз үйін тауып жол көрсетейік. Ол үшін алдымыздағы қағаздан қоянды тауып алайық. -Енді осы қоянды үйіне жеткізу үшін қоян туралы тақпақ айтыңдар? Ормандағы қоянның Сәбіздері көп екен. Теріп теріп алайық, Қалтамызға салайық. -Жарайсыңдар, балалар. Енді нүктелерді бір – біріне қосу арқылы қоянды үйіне жеткіземіз. Қане, балалар бұл жерде шапшаң қимылдайық. Әйтпесе қояндар секіріп қашып кетуі мүмкін.	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. -Қоян. Балалар тақпақ айтады. Балалар нүктені бір-біріне сызық сызу арқылы қосады.

	Сергіту сәті: Ұзын құлақ сұр қоян Естіп қалып сыбдырды. Ойлы қырлы жерлермен, Ытқып, ытқып жүгірді. Қарап еді артына, Қиығын сап көзінің. Келе жатқан томпаңдап, Көжегі екен өзінің. Ал енде балалар үйіне жеткен қоянмен қоштасамыз. Жеке жұмысты қажет ететін балаларға тәрбиеші көмек көрсетеді.	Балалар орындарынан тұрады сергіту сәті орындалады.
Рефлексиялық- түзетушілік	Балалар бүгінгі оқу іс- әрекетінен не үйрендіңдер? Нүктені бір-біріне қостыңдар ма? Жарайсыңдар, тапсырманы жақсы орындадыңдар.	Балалар не үйренгендерін айтып мәз болысады.

Күтілетін нәтиже: Біледі: Қоянды өз үйіне апаруды.

Игереді: Нүктені бір-біріне қосуды.

Меңгереді:Қоянға қамқорлық жасауды.

Білім беру саласы:«Вариативтік компонент»

Оқу іс-әрекеті:Ойнайық та, ойлайық.

Тақырыбы:«Бұл киімдерді қай мезгілде киеді?»

Мақсаты: киім туралы білімдерін кеңейту, киім түрлерімен таныстыру, сөздік қорларын толықтыру, ауызекі сөйлеуге, алған білімдерін шығармашылыққа қолдана білуге дағдыландыру, киіну мәдениетінің қыр - сырын ұғынатын эстетикалық тәрбие беру, әсемдікке, сұлулыққа, ұйымшылдыққа баулу

.Сөздік жұмыс:малақай, туфли.

Әдіс-тәсілдер:баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу.

Көрнекіліктер: тақырыптық суреттер.

Іс-әрекеткезеңдері	Тәрбиешінің іс-әрекеті	Балалардыңіс-әрекеті
Мотивациялық-қозғаушылық	Шаттық шеңбері. Күлімде, күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін. Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде.	Балалар шаттық шеңберін орындайды.

Ұйымдастырушылық-ізденістік	- Балалар, тақтаға назар аударайықшы, ненің суреті бейнеленген?-Жарайсыңдар, балалар. Киім туралы түсінік беру.Әр жыл мезгілінде әртүрлі киенеміз. Қыста – қалың, көктемде – жылы, жазда – жұқа, күзде – жылы.Қыста киетін киімдер: Бас киім, малақай, шәлі, күртеше, бөтеңке, қолғап, қалың жейделер. Көктемде, күзде – жылы сыртқы киім, жылы аяқ киім, көйлектер, шалбарлар, туфли.Жазда – көйлектер, футболка, жеңі қысқа киімдер, сүйретпе аяқ киімдер, бас киім (жаздық). Сөздік жұмысМалақай – құлағы бар жылы бас киім, құлақшын.Туфли – жылы ауа райы кезінде киетін сәнді аяқ киім.Сергіту сәті: Тоңса біздің қолымыз Қолғапты киіп аламыз Сарт - сарт - сарт Шапалақты соғамыз Тоңса біздің аяғымыз Етікті киіп аламыз Топ - топ - топ Топылдатып билейміз Д/о: «Қуыршаққа киім кигізу»	Қойылған сұрақтарға толық жауап береді. -Киімдердің суретін көріп тұрмыз. Балалар сөздерді қайталайды. Өлең мазмұнына қарай қимыл – қозғалыстар жасайды, көрсетеді.
------------------------------------	---	---

		Балалар ойындықызыға ойнайды.
Рефлексиялық-түзетушілік	Оқу іс – әрекетін қорыту: Балалардың оқу іс – әрекетінде көрсеткен белсенділіктерін бағалау, мадақтау.	Балалар жақсы көңіл күймен оқу іс – әрекетін аяқтайды

Күтілетін нәтиже

Нені білу керек: әр жыл мезгіліне қарай киімдердің ерекшелігін;

Нені игерді: байланыстыра отырып сөйлеуді;

Нені біледі: сұраққа толық жауап бере біледі

Білім беру саласы: «Вариативтік компонент»

Бөлімі: Ойнайықта, ойлайық.

Тақырыбы: «Ойлаймыз да, ойнаймыз» Өткенді пысықтау

Мақсаты: Балаларға жұмбақ шешу арқылы ойлау қабілеттерін дамыту.

Әдіс-тәсілдер: баяндау, көрсету, көрнекілік, әңгімелеу

. Қолданылатын көрнекі құралдар: суреттер

Оқу іс – әрекетінің кезеңдері	Тәрбиешінің іс – әрекеті	Балалардың іс – әрекеті
Мотивациялық - қозғаушылық	Жылулық шеңбері Күлімде, күн, күлімде, Жер жасарып көгерсін.	Балалардың шеңбер бойына тұрып, өлең жолдарына сай

	Кешегідей бүгін де Қанат қақсын көгершін. Күлімде, күн, күлімде, Жайнай түсті күнімде. Жарқыраған жұлдыздай Жарқ-жарқ еткен түнімде.	қимылдар жасайды.
Ұйымдастырушылық-ізденістік	-Балалар қазір бізде қай мезгіл? -Күз мезгілінде қандай ерекшеліктер бар? -Апта күндерін атап көріңдерші? -Балалар суретке қараңдаршы, қане боялған қанша сурет бар, боялмаған қанша сурет бар? Ойланып көрейік және санайық. Мына жердегі суреттер ұлу, құлпынай, бұлт, жыланның суреттері боялған екен. Түстеріне назар аударайық. Ал мына суреттер машина, бағдаршам, терезе боялмаған екен. Ал енді осы суреттерді санына қарай топтастырып көреміз. Ойланайық және санайық. -Дұрыс айтасындар балалар, санды жақсы біледі екенсіңдер. Сергіту сәті. Біздің топта ұл-қыздар, Тату-тәтті ойнаймыз. Айналаға адамға, Тек мейірім сыйлаймыз. «Ойлан тап» ойыны. Шарты: Тәрбиеші балаларға қорапшадағы ойыншықты	Балалар тәрбиешінің сұрақтарына жауап береді. Балалар боялған және боялмаған суреттерді көрсетіп атауын атап, олардың құрылымы мен түр-түсін атап береді. Балалар орындарынан тұрады сергіту сәті

	жұмбақ жасыру арқылы айтады. Балалар ойыншықты ойланып атауын тауып береді.	орындалады. Балалар ойынды қызыға ойнайды.
Рефлексиялық- түзетушілік	Балалар бүгінгі оқу іс-әрекетінен не үйрендіңдер?	Балалар не үйренгендерін айтып мәз болысады.

Күтілетін нәтиже:

Біледі: Балалар ойлау арқылы ойын ойнауды.

Игереді: Жұмбақ шешуді.

Меңгереді: Ойыншықтарды санауды және топтастыруды.